



Қоржынов Қанен

1906 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы №4 Елтай ауылдық кеңесінде дүниеге келген. Сол жердегі бастауыш мектептен 4 сыныптық білім алған. Тельман колхозында есепші болып жұмыс істеген. 1942 жылы 22 маусымда әскер қатарына шақырылып, Челябин облысының Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өтеді. 261-атқыштар полкі құрамында Солтүстік-Батыс майданда Великие Луки қаласы түбінде алғашқы рет соғысқа кіреді. Украина, Чехославакия, Польша елдерін жаудан азат соғыстарында болады. 1944 жылы Одер өзенінен өтудегі шайқаста денесі 4 жерден жараланып, Тула қаласындағы №5383 госпиталінде ұзақ емделіп, сол жылдың желтоқсан айында әскер қатарына жарамсыз болып елге оралады. Соғыстағы ерлігі бағаланып І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. Елге келген соң 8 Март, Чапай колхоздарында есепші болған. Ауданда совхоздар ұйымдасқанда «Коммунизм жолы» совхозында зейнеткерлікке шыққанға дейін кассир болған. 1982 жылы қайтыс болған.

